

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы N 290 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 8 қазан N 1298. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 17 шілдедегі № 602 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.07.2023 № 602 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Кейбір акционерлік қоғамдар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың (ұлттық компаниялардың) қызметін тиімді басқару мен бақылауды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы N 290 P010290_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 8, 85-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Осы қаулының 1-тармағының 5), 7), 9) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау мүмкін болмаған жағдайда, осындай іс-шаралардың орындалу мерзімін уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен келісім бойынша ауыстыруы мүмкін деп белгіленсін.";

2) көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

1-тармақта:

"Палымбетов Болат Әбілқасымұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және сауда вице-министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Мұртазаев Мұрат Арзаұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және сауда вице-министрі";

3-тармақта:

"Палымбетов Болат Әбілқасымұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және сауда вице-министрі

Дүкенбаев Кенжемұрат Дүкенбайұлы - "Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" ААҚ-ның президенті" деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Әмрин Асқар Кемеңгерұлы - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Заң департаментінің директоры

Бозымбаев Қанат Алдабергенұлы - "Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" ААҚ-ның президенті";

4-тармақта:

"Оразбақов Ғалым Избасарұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Өндірістік сала және инфрақұрылым бөлімі меңгерушісінің орынбасары" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Оразбақов Ғалым Избасарұлы - Қазақстан Республикасының Экономика

және сауда вице-министрі";

8-тармақта:

"Токсейітов Рахымберген Құрманғалиұлы - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс бірінші вице-министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Рахметов Нұрлан Құсайынұлы - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс вице-министрі";

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Мәжіренов Жомарт Рахымбекұлы - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің департамент бастығы (келісім бойынша)".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі